

**Лексикалық–грамматикалық және елтану
тестілері
9-сынып**

1. Синонимдік жұпты көрсетіңіз.

- A) Сабырлы, шыдамсыз
- B) Жуас, момын
- C) Бет, көз
- D) Аласа, кең
- E) бай, кедей

2. «Табу» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) Бару
- B) Пайда болу
- C) Әкелу
- D) Әкету
- E) Жоғалту

3. «ақ» деген сөздің тура мағынасында қолданылған жерін көрсетіңіз.

- A) ақ қант
- B) істің ақ, қарасы
- C) ақ ниет
- D) ақ жүрек
- E) ақ іштік

4. Мақалды аяқтаңыз: *Ер қанаты - ...*

- A) шапан
- B) ерлік
- C) жолдас
- D) мал
- E) ат

5. «іші тар» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.

- A) арық
- B) аңқау
- C) жылдам
- D) қызғаншақ
- E) тоңғақ

6. Түбір сөз қатаңға бітсе, қосымша қандай дыбыстан басталатынын анықта

- A) жіңішке дауыстыдан
- B) дауыстыдан
- C) қатаңнан
- D) ұяңнан
- E) үндіден

7. Орфографиялық заңдылыққа сай жазылған сөз

- A) құлұншақ
- B) тұлұм
- C) көзүлдірүк

D) бөгет

E) өзөн

8. 60 - 70-тей адам жиналды деген сөйлемдегі сан есім түрін белгілеңіз.

A) реттік

B) жинақтық

C) болжалдық

D) топтау

E) есептік

9. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалары бар қатарды көрсетіңіз.

A) өнер, жұмыс, есім

B) ықыласпен, әкетай, балгер

C) клубқа, заводта, қонаққа

D) мектепте, отынды, қонақтар

E) жазықсыз, қыздарға, жүгірші

10. Қимыл мағынасын білдіретін сөз

A) қызыл, ақ, көк

B) паһ - паһ, ойпырай

C) күлкі, мінез, ой

D) біреу, екі, үш

E) күлу, оқы, тоқу

11. Кейінді ықпалды көрсетіңіз.

A) орын

B) сөзшең

C) орман

D) өнерпаз

E) күндік

12. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.

A) сандықша

B) кітаптар

C) жерлерге

D) дәстүрмен

E) адамда

13. Көптік жалғауының дұрыс қолданылмауын анықтаңыз.

A) бес қыз

B) екі студент

C) он оқушылар

D) алтын адам

E) дұрыс жауаптар

14. Тәуелденген сын есімді табыңыз.

A) Айтарың бар ма?

B) Сенің балаң.

C) Ешкімің жоқ.

D) Жақсың қайсы?

E) Біреуің кел.

15. Жай сөйлемді табыңыз.

- A) Жерге көк шығысымен, төлдерді жайылымға жіберді.
- B) Ауыл тауға көшкенде, ол қалаға кетіп еді.
- C) Үйге үлкендер де, кішілер де көңілді кірді.
- D) Оны танығанмен, Сәуле сыр бермеді.
- E) Жаз шыққанда демалысқа шығайын деп едім, бірақ болмады.

16. Тұсаукесер тойы қашан тойланатынын көрсетіңіз.

- A) Бала мектепке барғанда
- B) Бала 2 жасқа толғанда
- C) Бала атқа алғаш рет мінгенде
- D) Бала алғашқы қадамдар жасай бастағанда
- E) Бала сөйлей бастағанда

17. Қазақтың алғашқы академигін көрсетіңіз.

- A) Ғ.Айдаров
- B) С.Королев
- C) Қ.Сәтпаев
- D) Ж.Жабаев
- E) Н.Сауранбаев

18. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің белгісін көрсетіңіз.

- A) отаншылдығы
- B) жері
- C) табиғаты
- D) рәміздері
- E) ауа райы.

19. «Невада-Семей» қозғалысының президентін табыңыз.

- A) С.Әбдильдин
- B) Амантай қажы
- C) О.Сүлейменов
- D) М.Шаханов
- E) Р.Сейсембаев

20. Қазақстанда неше облыс бар?

- A) он бір
- B) он бес
- C) он сегіз
- D) он төрт
- E) он алты